



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНҒА ҚАТЫСТЫ



на, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Конституциялық комиссия мен Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатысты.

Құрмет қараулы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Әнұраны орындалды.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады.

Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Салтанатты рәсімнен кейін Президент сөз сөйледі.

akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕ ЖҰМЫС КЕҢЕСІН ӨТКІЗДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен биыл 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру мәселесі жөнінде жұмыс кеңесі өтті.

Кеңеске Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министр Олжас Бектенов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев және Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев қатысты.

Президент бүгін «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы алда заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін жаңа Конституцияға сәйкестендіру бойынша ауқымды жұмыс тұрғанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарының қызметін айқындайтын заңдарды түзеу қажеттілігіне назар аударды.

Жалпы, алты конституциялық заң және өзге заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде үш заң қабылдау қажет.

Конституция күшіне енетін күнді ескере отырып, тиісті заңдарды Парламент сессиясы аяқталғанға дейін қабылдау керек.

Мемлекет басшысы заңдарды сапалы әрі уақтылы әзірлеп, қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ Үкімет заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді кешіктірмей түзеуге тиіс.

akorda.kz

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ «БӘЙТЕРЕК» ХОЛДИНГІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ. 2025 ЖЫЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ ҚОЛДАУ КӨЛЕМІ ЕКІ ЕСЕГЕ ӨСТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов «Бәйтерек» Ұлттық инвестициялық саясатты орындау қорытындыларын, сондай-ақ экономиканың басым бағыттарын одан әрі қаржыландыру мәселелері қаралды.

Отырысты ашқан Премьер-министр Директорлар кеңесінің мүшелерін және шақырылғандарды Қазақстанның жаңа Конституциясының қабылдануымен құттықтап, оқиғаның тарихи маңыздылығын атап өтті.

Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканың нақты секторын қолдауды одан әрі күшейтудің, шикізаттық емес салаларды дамытудың және Холдинг құралдарының тиімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Жиын қорытындысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға арналған тәуекелдер бойынша консолидациялық есеп, корпоративтік басқаруды жетілдіру іс-шаралары жоспарын орындау нәтижелері және 2025 жылға арналған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері де мақұлданды.

«Қазақстан өзінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Біздің барлығымызды еліміздің Ата заңында орныққан қағидаттарды, нормалар мен постулаттарды жүзеге асыру бойынша үлкен жұмыстар күтіп тұр», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Бәйтерек» ҰИХ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшиннің мәліметінше, 2025 жылғы еншілес ұйымдар арқылы экономиканың шикізаттық емес салаларын қаржыландыру көлемі 8 трлн теңгені құрады, бұл алдыңғы жылғы деңгейден 96%-ға жоғары. 7,1 трлн теңге сомасындағы қолдау шамамен 75 мыңға компания мен ұйымдарға көрсетілді. Холдингті көмегіне ие болған кәсіпорындардың экспорт көлемі 1,9 трлн теңгеге жетті, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен екі есе көп.

Жиында агроөнеркәсіп кешенін қолдауға баса назар аударылды. 2025 жылы АӨК-ті қаржыландыру 1,4 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 31%-ға артты. Холдингтің көмегімен 11,5 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Холдинг қызметінің нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысының Ақмола облысындағы егін жинау науқаны мәселелері жөніндегі жиында берген тапсырмасын орындау шеңберінде 2026 жылғы егін науқанын ерте қаржыландыру бойынша жұмыс жалғасуда. Директорлар кеңесі «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы көктемге дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру үшін 300 млрд теңгеге дейін облигациялар шығаруды мақұлдады. Сондай-ақ отандық өндірістегі ауыл шаруашылығы техникасының лизингін 150 млрд теңгеге дейін қаржыландыру ҚазАгроқаржы арқылы және әлеуметтік осал топтар мен кезекте тұрған азаматтар үшін 100 млрд теңгеге дейін ипотекалық несиелеуді Отбасы банк арқылы жүзеге асыру мақұлданды.

2026 жылы «Бәйтерек» холдингі экономика салаларын қолдауға 8 трлн теңгеге дейін бағыттауды жоспарлап отыр. Басым бағыттардың қатарында өнеркәсіп пен инфрақұрылымды қаржыландыру, агроөнеркәсіпті қолдау, экспортты дамыту және халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бар.

Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканың нақты секторын қолдауды одан әрі күшейтудің, шикізаттық емес салаларды дамытудың және Холдинг құралдарының тиімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Жиын қорытындысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға арналған тәуекелдер бойынша консолидациялық есеп, корпоративтік басқаруды жетілдіру іс-шаралары жоспарын орындау нәтижелері және 2025 жылға арналған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері де мақұлданды.

primeminister.kz



ЖЕТІСУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯҒА АРНАЛҒАН МУРАЛ САЛЫНДЫ



Жетісу облысында жаңа Конституцияға арналған мурал салынды. Оның эскизін дайындауда жасанды интеллект мүмкіндіктері пайдаланылды. «Jetisu jastary» KMM-нің ұсынысымен салынған «Ата заңым - айбыным» муралы жастардың азаматтық мәдениетін қалыптастыруға және заманауи көше өнері арқылы қоғамдағы

маңызды құндылықтарды дәріптеуге бағытталған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл арт-нысан Талдықорған қаласындағы көп қабатты үйлердің бірінің қабырғасында кескінделген. Муралдың ашылу салтанаты өтіп, оған өңір жастары, қоғам белсенділері, шығармашылық орта өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

- Біздің жаңа муралымыз Ата Заңымызға арналған. Кеше Мемлекет басшысы атап өткеніндей, жаңа Конституция ең алдымен жастарға бағытталған. Ата Заңымызға волонтерлік қызмет, ғылым, минновация, жасанды интеллект ұғымдары енгізілген. Осыған байланысты біз муралды заманауи мүмкіндіктермен ұштастыруға тырыстық. Көркем туындыда бірлік, әділдік, жауапкершілік және болашаққа деген сенім идеялары бейнеленіп, қоғамдағы өзара құрмет пен ынтымақтастықты дәріптейтін мазмұн көрініс тапты. Өйткені Конституция – барлық осы игіліктің бастауы, - деді «Jetisu jastary» KMM-нің директоры Шамиль Ванкеев.

Мурал авторы Ернұр Бақбергіннің айтуынша, бұл жұмыс қоғамдағы маңызды құндылықтарды заманауи өнер тілі арқылы жеткізуге бағытталған.

Мұндай шығармашылықпен 6 жылдан бері кәсіби түрде айналысып келемін. Осы уақыт аралығында «Заң мен Тәртіп», «Таза Қазақстан» сияқты идеологиялық және қоғамдық маңызы бар тақырыптарда бірқатар муралдар салдым. Ал осы жобамның ерекшелігі – муралдың эскизі жасанды интеллект көмегімен әзірленді. Бұл тәсіл шығармашылық пен технологияны ұштастыра отырып, заманауи өнердің жаңа бағыттарын көрсетуге, сонымен қатар қысқа мерзім ішінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, біздің шығармашылық топ муралды 3 күннің ішінде толық салып бітті, - деді жас суретші. Еске алсақ, бұған дейін өңір жастарының бастамасымен облыстың аудан орталықтарында «Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Заң мен Тәртіп» қағидаларына арналған үш мурал Көксу, Қаратал, Сарқан аудандарының орталықтарында салынған болатын.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

ЖЕТІСУДАҒЫ «DIGITAL NAURYZ»: ЖИ КӨМЕГІМЕН ТҰРҒЫНДАР ӨЗДЕРІН ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІНДЕ КӨРЕ АЛДЫ



«Digital Nauryz» аясында Жетісу облысында AI Nauryz атты ашық қалалық алаң ұйымдастырылды. Бұл алаңда облыс орталығының тұрғындары мен қала қонақтары жасанды интеллект мүмкіндіктерімен танысып, заманауи цифрлық құралдарды интерактивті форматта пайдаланып көрді. Іс-шараның басты ерекшелігі – әр келушіге ұлттық стильде жеке портретін жасау мүмкіндігі жасалды: ер азаматтар өздерін айбынды қазақ батырларының бейнесінде елестетсе, әйелдер жасанды интеллект арқылы жасалған көркем ұлттық киімдерді «киіп» көрді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ерекше цифрлық іс-шара облыстық цифрлық технологиялар басқармасының ұйымдастыруымен «Jetisu Digital» IT-хабымен бірлесіп, жаяу жүргіншілерге арналған Арбат аймағы аумағында өтті. Мұнда кез келген қалаған адам жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін өз көзімен көріп, нейрожелілердің әр адамға қолжетімді, шығармашылық пен дамуға жол ашатын пайдалы құрал екеніне көз жеткізе алды.

Алғашқы аймаққа шығармашыл жастар мен қызығушылық танытқан қала тұрғындары жиналды. Бұл жерде IT-хаб мамандары кескін (сурет) генерациялау құпияларымен бөлісті. Қатысушылар арнайы мәтіндік сұраныстар – промпттарды құрастыруды үйреніп, сол арқылы нейрожелі бірегей бейнелер жасайтынын тәжірибе жүзінде көрді. Сның ішінде ұлттық стильде жеке портрет жасау көпшіліктің ерекше

қызығушылығын тудырды. Екінші алаң тікелей қарым-қатынас пен әлеуметтік интерактивке арналды. Жүргізуші қала тұрғындарын түрлі сауалнамаға тартып, технологиялардың адамдардың жеке өміріне қаншалықты терең енгенін анықтауға тырысты. Ең үздік әрі қызықты жауаптар экранға шығарылып, қатысушылармен бірге талқыланды.

Іс-шараның ашық кеңістік форматында өтуі қала тұрғындарына әртүрлі цифрлық алаңдармен еркін танысуға мүмкіндік берді. – Бүгінгі күні жасанды интеллект күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Қазіргі таңда болашақ технологиялары өмірімізге толық енді деуге болады. Іс-шарамыздың аясында әрбір ниет білдіруші цифрлық инновациялармен жақынырақ танысып, жасанды интеллект мүмкіндіктерін іс жүзінде сынап көрді. Біз заманауи технологиялардың күнделікті өмір мен мәдени дәстүрлермен үйлесімді ұштасатынын көрсетуді мақсат еттік, – деді Жетісу облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Айдын Темірбаев.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Фотограф: Қанат Өмірәлинов

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ

2025 жылдың соңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде кадр саясатын жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам жасалды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы №196 бұйрығымен әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу тәртібіне қатысты жаңа тәсілдер бекітілді.

Бұл құжат – кезекті нормативтік акт қана емес, мемлекеттік қызметке іріктеудің ашық, әділ және кәсібилікке негізделген жүйесін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама.

Әкімшілік мемлекеттік лауазым – тек қызметтік мәртебе емес. Бұл – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін, азаматтардың өмір сапасына әсер ететін басқарушылық шешімдер қабылданатын жауапты сала. Сондықтан мұндай лауазымдарға іріктеу үдерісінің әділ әрі тиімді болуы мемлекеттік басқарудың сапасына тікелей әсер етеді.

Аталған құжат дәл осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Құжатта «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына ішкі және жалпы конкурс өткізу қағидалары жаңартылып, конкурстық іріктеудің барлық кезеңдері нақты регламенттелген. Кандидаттарға қойылатын талаптар, тестілеу және бағалау рәсімдері, сондай-ақ конкурстық комиссиялардың жұмыс тәртібі айқын көрсетілген. Бұл мемлекеттік органдар мен үміткерлер үшін бірыңғай әрі түсінікті ережелер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа қағидаларда кәсіби құзыреттерді объективті бағалауға ерекше мән берілген. Қазіргі мемлекеттік қызмет тек тапсырманы орындаумен шектелмей, стратегиялық ойлай алатын, талдау жүргізетін және жауапкершілікпен шешім қабылдайтын мамандарды қажет етеді. Осы тұрғыда тестілеу және басқа да бағалау құралдары кәсіби дайындық деңгейі жоғары кандидаттарды анықтауға мүмкіндік беретін маңызды тетікке айналып отыр.

Сонымен қатар, мұнда кадрлық жұмыстың цифрлық тетіктерін кеңінен қолдануды көздейді. Конкурстарды өткізу барысында ақпараттық жүйелерді пайдалану рәсімдерді жеңілдетіп қана қоймай, олардың ашықтығын арттырады және бюрократиялық кедергілерді азайтады. Үміткерлер үшін бұл – ақпаратқа тең қолжетімділік пен іріктеудің айқын әрі түсінікті болуы.

Жалпы алғанда, аталған бұйрық мемлекеттік қызметті жаңғырту бағытындағы реформалардың маңызды жалғасы болып табылады. Ол мемлекеттік қызметтің басты қағидаларының бірі – меритократияны нығайтып, кәсіби және адал мамандарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған.

Бүгінгі тиімді мемлекеттік басқарудың басты ресурстары – сапалы кадрлық құрам. Сондықтан әкімшілік мемлекеттік лауазымдарды атқарудың жаңа қағидалары талап деңгейін арттыра отырып, білікті әрі жауапты азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз. Бұл – қоғам мүддесіне қызмет ететін ашық әрі заманауи мемлекеттік қызметті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Дебирова Х.В.,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаментінің
Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына үлкен кедергі келтіретін қауіпті әлеуметтік дерт. Ол мемлекет экономикасының әлсіреуіне, халықтың билікке деген сенімінің төмендеуіне және әділетсіздіктің орын алуына себеп болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – әрбір азаматтың басты міндеттерінің бірі. Жемқорлық көбінесе пара беру мен пара алудан, қызметтік өкілеттікті жеке пайда үшін пайдаланудан көрінеді. Мұндай әрекеттер заңға қайшы ғана емес, адамгершілік қағидаларға да қарсы. Адалдық пен әділдік – кез келген қоғамның тірегі. Егер осы құндылықтар сақталмаса, елдің болашағы бұлыңғыр болмақ.

Қазіргі таңда көптеген елдерде сыбайлас жемқорлықпен күрес күшейтілуде. Заңдар қабылданып, арнайы мекемелер жұмыс істеуде. Дегенмен, бұл мәселені тек заң арқылы ғана шешу жеткіліксіз.

Ең бастысы – әр адамның санасында жемқорлыққа деген теріс көзқарас қалыптастыру. Әрбір азамат пара бермеуге, заңды бұзбауға және әділ болуға ұмтылуы тиіс. Жастар – елдің болашағы. Сондықтан оларды адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу аса маңызды. Мектеп пен отбасы осы бағытта үлкен рөл атқарады.

Егер жас ұрпақ жемқорлықты зиянын терең түсінсе, болашақта бұл мәселе азаяды. Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ деу – тек ұран емес, ол – қоғамның басты қағидасына айналуы тиіс. Әрқайсымыз адалдықты ту етіп, заңды құрметтесек қана, әділетті әрі дамыған мемлекет құра аламыз.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазіргі таңда құқықтық мемлекет құру жолында азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын түсіндіру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осы орайда ауданның экономика және қаржы бөлімі тарапынан тұрғындар арасында құқықтық насихат жұмыстарын жүргізуге ерекше көңіл бөлінуде.

Құқықтық насихаттың негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру, заң талаптарын сақтау қажеттігін түсіндіру және құқық бұзушылықтың алдын алу. Әрбір азамат өз құқықтарын біліп қана қоймай, сонымен қатар заң алдындағы міндеттерін де түсінуі тиіс.

Экономика және қаржы саласында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру, бюджет қаражатын тиімді әрі ашық пайдалану, сондай-ақ қаржылық тәртіпті сақтау – маңызды міндеттердің бірі. Осыған байланысты тұрғындарға мемлекеттік қолдау шаралары, әлеуметтік бағдарламалар, сондай-ақ заң талаптары жөнінде түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру қоғамдағы тұрақтылық пен тәртіптің сақталуына оң әсерін тигізеді. Заң талаптарын сақтау – әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Алдағы уақытта да ауданның экономика және қаржы бөлімі тұрғындар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жалғастырып, халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға өз үлесін қоса береді.

С. Жайнақова
Аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫНАН ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 18,9 МЛРД ТЕНГЕ ТҮСТІ

2025 жылы Жетісу облысының тұрғындарынан Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналар мен аударымдар түрінде 18,9 млрд теңге түсті.

Бұл ретте осы кезеңде өңір тұрғындарына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетілген медициналық қызметтерді төлеуге 38,5 млрд теңге бағытталды. Осылайша, медициналық көмекті қаржыландыру көлемі облыс тұрғындарынан түскен қаражат көлемінен едәуір жоғары. Бұл өңірде елдің басқа өңірлерінен МӘМС жүйесі арқылы қаражатты қайта бөлу есебінен қосымша қолдау көрсетілетінін білдіреді.

Айта кету керек, облыстың тіркелген халқының 63,9%-ы МӘМС жүйесіне жарна төлеуден босатылған жеңілдік санаттарына жатады. Бұл 417 мыңнан астам адам. Олардың қатарында балалар, студенттер, жүкті әйелдер, зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар және азаматтардың басқа да санаттары бар.

Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалы директорының міндетін атқарушы Арыстанбек Өтегуловтың айтуынша, өткен жылы өңір тұрғындарынан жұмыс берушілердің аударымдары ретінде 10,6 млрд теңге, ал жарналар түрінде 8,3 млрд теңгеден астам қаражат түскен.

Сонымен қатар, облыстың өз бетінше төлеушілері МӘМС жүйесіне 38 млн теңгеден астам жарна төлеген, ал жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғалардан Қорға 1,3 млрд теңгеден астам қаражат түскен.

Естеріңізге сала кетейік, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне түсетін барлық қаражат сенімгерлік басқару туралы шарт жасалған Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде жинақталады. Кейіннен бұл қаражат МӘМС жүйесі аясында халыққа көрсетілген медициналық қызметтердің ақысын төлеуге бағытталады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» KEAK
Жетісу облысы бойынша филиалы

18,9 МЛРД ТЕНГЕ ПОСТУПИЛО В ФОНД СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ ОТ ЖИТЕЛЕЙ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

В 2025 году от жителей области Жетісу в Фонд социального медицинского страхования в виде взносов и отчислений поступило 18,9 млрд тенге.

При этом на оплату медицинских услуг, оказанных населению региона за аналогичный период в рамках системы обязательного социального медицинского страхования, было направлено 38,5 млрд тенге. Таким образом, объем финансирования медицинской помощи значительно превышает сумму поступлений от жителей области. Это означает, что регион получает дополнительную поддержку за счет плательщиков и перераспределения средств ОСМС из других регионов страны.

Отметим, что среди прикрепленного населения области 63,9% относятся к льготным категориям граждан, освобожденным от уплаты взносов на ОСМС. Это более 417 тысяч человек. В их числе дети, студенты, беременные женщины, пенсионеры, лица с инвалидностью и другие категории граждан. Как отметил исполняющий обязанности директора филиала Фонда социального медицинского страхования по области Жетісу Арыстанбек Утегулов, за прошлый год от жителей региона поступило 10,6 млрд тенге отчислений от работодателей и более 8,3 млрд тенге взносов.

Кроме того, самостоятельные плательщики области внесли взносы в систему ОСМС на сумму более 38 млн тенге, а от индивидуальных предпринимателей и лиц, занимающихся частной практикой, в Фонд поступило более 1,3 млрд тенге.

Напомним, что все средства, поступающие в систему обязательного социального медицинского страхования, аккумулируются в Национальном банке Республики Казахстан, с которым заключен договор доверительного управления. В дальнейшем эти средства направляются на оплату медицинских услуг, оказываемых населению в рамках системы ОСМС.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального медицинского страхования»

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУДЫҢ СЕҢІМДІ ТЕТІГІ



Мемлекет басшысының бастамасымен 2026 жыл – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Бұл шешім мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге, ашықтық пен тиімділікті арттыруға, сондай-ақ адам факторын барынша азайтуға бағытталған.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларында да маңызды рөл атқаруда. Процестерді автоматтандыру, тәуекелдерді алдын ала болжау, деректердің дәлдігі мен жеделдігін қамтамасыз ету – уақыт талабы.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті бақылау және қадағалау қызметін цифрландыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Негізгі мақсат – заңсыз тексерулерді азайту, әкімшілік кедергілерді төмендету және мемлекеттік бақылау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Осы бағыттағы негізгі цифрлық құралдардың бірі – «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесі. Аталған жүйе тексерулерді тағайындау актілерін, оларды ұзарту және нәтижелерін электрондық форматта міндетті түрде тіркеуді қамтамасыз етеді. Процестердің толық автоматтандырылуы рұқсат етілмеген тексерулердің алдын алуға, ашықтықты арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

ТСОБТ жүйесінде тіркелмей тексеру жүргізуге жол берілмейді. Бұл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың нақты кепілі болып табылады және бақылаушы органдардың жауапкершілігін арттырады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлерге құқықтық қолдау көрсету мақсатында Qatqor мобильді қосымшасы енгізілген. Аталған сервис кәсіпкерлерге жоспарланған немесе тағайындалған тексерулер туралы жедел ақпарат алуға, олардың заңдылығын тексеруге және қажетті түсіндірмелер алуға мүмкіндік береді.

Qatqor мобильді қосымшасы кәсіпкерлер үшін ыңғайлы құралға айналып, олардың құқықтарының сақталуын тұрақты бақылауға жағдай жасайды. Қосымша App Store және Google Play платформаларында қолжетімді.

Құқықтық статистика және қадағалау саласындағы цифрландыру – бұл кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған ашық әрі әділ мемлекеттік саясатты қалыптастырудағы маңызды қадам. Аталған бағыттағы жұмыс прокуратура органдарының ерекше бақылауында және алдағы уақытта да жалғасатын болады.

#ЗАҢМЕНТӘРТІП
#Закон_у_Порядок

Даулетияр М.К.,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің
Жетісу облысы бойынша департаментінің прокуроры

БОЛЕЕ ЧЕМ ЗА 100 ТЫСЯЧ ГРАЖДАН ЕАЭС ПЕРЕЧИСЛЕННЫ ВЗНОСЫ В ЕНПФ

Вот уже шестой год действует Соглашение о пенсионном обеспечении трудящихся государств-членов Евразийского экономического союза от 20.12.2019г. (далее – Соглашение), регулирующее отношения в сфере пенсионного обеспечения граждан государств-членов ЕАЭС

Напомним, что одной из основных целей Соглашения является формирование и реализация пенсионных прав трудящихся государств-членов ЕАЭС на тех же условиях и в том же порядке, что и граждан государств-членов ЕАЭС

История
20 декабря 2019 года прошло заседание Высшего Евразийского экономического совета, на котором главами государств-членов ЕАЭС было подписано Соглашение.

С 01.01.2021г. после ратификации Соглашения всеми государствами ЕАЭС, их граждане, работающие в других странах ЕАЭС, формируют, сохраняют и реализовывают свои пенсионные права наравне с гражданами страны, в которой они трудоустроиваются. Каждое государство-член ЕАЭС теперь платит пенсию по своему законодательству за стаж работы, приобретенный трудящимся на его территории после 01.01.2021 г. Если стаж работы трудящегося, приобретенного на территории одного государства-члена, недостаточно для возникновения права на пенсию (за исключением накопительной пенсии), то учитывается стаж работы, приобретенный в других странах ЕАЭС, в том числе до вступления Соглашения в силу, за исключением случаев, когда такой стаж работы совпадает по времени. Стоит отметить, что граждане стран ЕАЭС должны официально оформлять трудовые отношения с работодателями в странах трудоустройства, то есть в обязательном порядке своевременно заключать трудовые или гражданско-правовые договоры.

Реализация Соглашения в Казахстане
В Казахстане Соглашение распространяется на правоотношения по уплате пенсионных взносов в ЕНПФ и на пенсионные выплаты из ЕНПФ по законодательству Республики Казахстан при достижении пенсионного возраста или при установлении инвалидности 1,2 групп бессрочно.

Например, если гражданин Казахстана приобрел стаж работы (например, 3-5 лет) на территории страны члена ЕАЭС после вступления в силу Соглашения, то при возникновении права на пенсию по условиям пенсионного законодательства страны трудоустройства (достижение пенсионного возраста, наличие определенное трудового стажа), страна, в которой трудился мигрант, назначит пенсию за отработанный трудовой стаж именно в этой стране. При этом гражданин Казахстана будет вправе подать заявление с документами на назначение и выплату пенсии в компетентный орган страны ЕАЭС или в ЕНПФ, как компетентному органу в Республике Казахстан.

Перечень документов для назначения и выплаты пенсии трудящемуся регулируется национальным законодательством каждого государства-члена ЕАЭС.

Компетентные органы
Компетентными органами в Республике Казахстан по подтверждению трудового стажа трудящихся государств-членов ЕАЭС являются АО «ЕНПФ», Комитет регулирования и контроля в сфере социальной защиты населения Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан и их территориальные подразделения.

ЕНПФ предоставляет сведения о стаже работы с 1 января 1998 года на основании данных об уплате обязательных пенсионных взносов, имеющих в информационной системе.

Также в ЕНПФ можно обратиться по следующим вопросам:
-прием и обработка сведений и документов,
-принятие решений о назначении/об отказе в назначении пенсии,
-организация выплаты/доставки пенсии.

Подробная информация на сайте enpf.kz в разделе «Услуги»
Для подтверждения стажа до 1998 года необходимо обращаться в Комитет регулирования и контроля в сфере социальной защиты населения Министерства труда и социальной защиты населения РК.

Соглашение в цифрах
В рамках реализации Соглашения в Казахстане по состоянию на 01 января 2026 года:

-по 105 029 трудящимся-гражданам государств-членов ЕАЭС, осуществляющим на территории Казахстана трудовую деятельность на основании заключенных с работодателями трудовых, гражданско-правовых договоров, были перечислены пенсионные взносы в ЕНПФ.

При этом по законодательству Казахстана в случае отсутствия открытых счетов в ЕНПФ для учета пенсионных взносов данные счета в ЕНПФ открываются автоматически при поступлении первого отчисления, то есть в беззаявительном порядке;

-ЕНПФ были приняты и исполнены заявления о назначении пенсионных выплат от 291 граждан государств-членов ЕАЭС, из них:
266 трудящимся пенсионные выплаты назначены в связи с достижением пенсионного возраста по законодательству Казахстана;

25 наследникам назначены пенсионные выплаты в связи со смертью трудящихся;
-компетентными органами Российской Федерации и Кыргызской Республики в сфере пенсионного обеспечения назначены:

26 гражданам Казахстана, осуществлявшим трудовую деятельность на территории Кыргызстана и Российской Федерации на основании трудового договора и перечислявшим страховые взносы в их пенсионную систему, пожизненные пенсии по возрасту/по старости/по инвалидности;

4 гражданам Казахстана пенсии по случаю потери кормильца в связи со смертью 2 граждан Казахстана. Как показывает статистика, несмотря на сравнительно небольшой период действия Соглашения, гражданам государств-членов ЕАЭС дана возможность реализовать свои пенсионные права в странах ЕАЭС, а это значит, что основная цель принятого документа достигнута.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы ең алдымен заң мен тәртіпке байланысты. Қазақстан үшін де бұл ұғымдар аса маңызды, себебі елдің қауіпсіздігі мен дамуы заңның сақталуына тікелей тәуелді. Заң бар жерде әділдік орнайды, ал тәртіп сақталған жерде адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді. Заң – қоғамдағы барлық қатынастарды реттейтін құрал. Ол азаматтардың, құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Егер адам заңды құрметтеп, оны орындаса, қоғамда түсініспеушілік пен қақтығыстар азаяды. Ал тәртіп - сол заңдардың өмірде жүзеге асуы. Тәртіп болмаса, заңның да күші әлсірейді. Қазақстанда заң мен тәртіпті сақтау үшін құқық қорғау органдары жұмыс істейді. Олар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қылмыстың алдын алады. Дегенмен, қауіпсіздік тек мемлекеттік органдарға ғана емес, әрбір азаматқа байланысты. Әр адам өз іс әрекетіне жауапкершілікпен қарап, заңды бұзбауға тырысуы қажет. Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – Қазақстанның қауіпсіздігі мен гүлденуінің басты негізі. Әр азамат заңды құрметтеп, тәртіпті сақтағанда ғана еліміз тыныш әрі дамыған мемлекет бола алады.



И.К.Идрисова
Ескелді ауданының
сот әкімшісінің басшысы

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-жақты сезіну керек.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кемелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Дегенмен тәрбиесі мол. «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, заңды құрметтеп, тыныш жүрсе, одан ешкім де ұтылмайды.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайылыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Осыған байланысты жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру – жан-жақты тәрбиенің маңызды бір саласындағы жасөспірімдердің құқықтық тәрбиесі болып табылады.

«Ел болам десең, бесіңді түзе» деп айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасалып отырса, жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылық пен қылмыстың болмауына көп септігін тигізер бірден бір себеп болатын еді. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екенін ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны, заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру - құқықтық сананың негізгі белгілері болып табылады.

Жасөспірімдерді патриотизмге тәрбиелеп қана қою жеткіліксіз. Ол үшін ұлттық идеологияны күшейтіп, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дархан пейілін, ұлтжандығын айсарлығын насихаттап көрсете білуіміз керек. Сонда ғана жоғарыда айтылғандар жүзеге асып, өз Отанын сүйетін, абыройын асқақтата алатын шын мәніндегі жанашыр жалынды жастарды тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

Өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарын пайдалана біліп, қатыгездіксіз өмірлерінің сақталуы жолында аянбай еңбек ету – біздің басты парыз. Сондықтан да, жаһандану үрдісі басымы болып, батыстық өркендетке еніп келе жатқан қазіргі кезеңге жас жеткіншектерді жаңа заман талабына сай озық ұлттық дәстүр рухы негізінде тәрбиелеп, игі нәтижелерге жету жолында аянбай еңбек етейік.

«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері осы жылдар ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады.Сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдесем бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет.Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз.Қазақстан халқы өз алдына ел болып, еңсесі биік жоғарғы мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалың-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

ЖАҢАРУ КҮНІ – ТАЗАЛЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ БЕЛГІСІ



Ескелді аудандық кітапханасының ұжымы 19 наурыз – Жаңару күніне орай игі бастама көтеріп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Бұл шараның басты мақсаты – қоршаған ортаны таза ұстап қана қоймай, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ жаңару мен жаңғыру идеясын дәріптеу.

Кітапхана қызметкерлері бірлесе отырып, ғимарат ауласын тазалап, қоқыстарды жинап, айналаны ретке келтірді. Сонымен қатар, жасыл желектерді күтіп-баптап, аумақтың көркеюіне өз үлестерін қосты. Мұндай жұмыстар ұжымның ұйымшылдығын арттырып қана қоймай, туған жерге деген сүйіспеншілікті де нығайтады.

Жаңару күні – табиғаттың оянып, тіршіліктің жанданатын шағы. Осыған орай ұйымдастырылған тазалық жұмыстары – тек еңбек қана емес, сонымен қатар табиғатқа деген қамқорлықтың айқын көрінісі. Кітапхана ұжымы бұл бастама арқылы тұрғындарды тазалықты сақтауға, қоршаған ортаны аялауға шақырды.

Осындай игі шаралар қоғамда оң өзгерістердің қалыптасуына ықпал етеді. Ескелді аудандық кітапханасының ұжымы алдағы уақытта да мұндай қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, ел игілігі үшін қызмет етуді жалғастыра бермек.

Қорытындылай келе, Жаңару күні аясында өткізілген бұл тазалық жұмыстары – бірлік пен жауапкершіліктің, табиғатқа деген жанашырлықтың жарқын үлгісі болды.

ТӘЖІРИБЕЛІК АНАТОМИЯ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ НЕГІЗІ

Бүгінгі білім беру үдерісінде оқушының тек дайын ақпаратты меңгеруі жеткіліксіз. Маңыздысы – оның өздігінен ізденіп, тәжірибе жасап, қорытынды шығара алуы. Осы тұрғыда анатомия пәнін тәжірибелік негізде оқыту – тиімді әдістердің бірі.

Сабақ барысында 8-сыныпқа арналған «Анатомияны тәжірибе арқылы меңгеру» әдістемелік құралы кеңінен қолданылуда. Аталған құралды біз, биология пәні мұғалімдері Қалимолданаева Айгерім Нұрбекқызы мен Құрманбек Роза Қожабекқызы, бірлесе пайдаланып, оның оқу үдерісіне оң ықпалын байқап келеміз.

Практикалық жұмыстар оқушыларды белсенді әрекетке жетелейді. Олар өз ағзасының физиологиялық ерекшеліктерін зерттеп, түрлі өлшеулер жүргізеді, нәтижелерді салыстырады және талдайды. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың дербестігін арттырып, білімді дайын күйінде қабылдамай, оны өз тәжірибесі арқылы меңгеруіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар тәжірибелік сабақтар оқушылардың күнделікті өмірмен байланыс орнатуына жол ашады. Өз денсаулығын бақылау, ағза қызметін түсіну арқылы олар салауатты өмір салтының маңызын тереңірек ұғынады.

Алынған мәліметтерді өңдеу, жүйелеу және ұсыну барысында оқушылардың логикалық ойлауы, талдау дағдылары қалыптасады. Нәтижесінде сабаққа деген қызығушылық артып, білімді игеру сапасы жақсарады.

Қорыта айтқанда, тәжірибелік анатомия – оқушыны белсенді әрекетке бағыттайтын, оның танымдық және зерттеушілік қабілеттерін дамытатын тиімді оқыту тәсілі. Бұл бағыттағы жұмыстар білім мазмұнын жаңғыртып, оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қалимолданаева Айгерім Нұрбекқызы
биология пәні мұғалімі
Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Мичурин АНОМ

ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОЙЛАУ ДАМИДЫ

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе бастауыш сыныпта математиканы оқыту барысында баланың алған білімін өмірде қолдана білуіне ерекше көңіл бөлінеді. Осы мақсатқа жетуде ойын және геймификация элементтерін сабақта тиімді қолданудың маңызы зор.

Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын – ең табиғи әрекет түрі. Ойын арқылы бала жаңа білімді қызығушылықпен қабылдап, тапсырмаларды белсенді орындайды. Математика сабақтарында түрлі логикалық ойындар, математикалық жарыстар, ребустар, қызықты есептер қолдану оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Геймификация – оқу процесіне ойын элементтерін енгізу арқылы оқушылардың ынтасын арттыру тәсілі. Мысалы, сабақ барысында ұпай жинау, деңгейден өту, топтық жарыстар ұйымдастыру, түрлі марапаттар беру сияқты әдістер оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл тәсілдер арқылы балалар есеп шығарумен қатар, салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдыларын меңгереді.

Осындай әдістерді жүйелі қолдану оқушылардың математикалық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар оқушылардың өз бетімен ойлау, шешім қабылдау, білімді өмірлік жағдайларда қолдану қабілеттері қалыптасады.

Қорыта айтқанда, ойын және геймификация элементтері бастауыш сынып оқушыларының математика пәніне деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтерудің тиімді жолдарының бірі болып табылады.

К.Е. Касабулатова,
Мичурин АНОМ бастауыш сынып мұғалімі

МЕЙІРІМДІЛІК – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

Жақсылық жасау – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Ол – жүректен шыққан мейірімнің, шынайы жанашырлықтың және адамгершіліктің көрінісі. «Жақсылық жасау – жанның айнасы» деген сөз бекер айтылмаған. Себебі әрбір игі іс адамның ішкі дүниесін, рухани деңгейін айқындайды.

Адам өмірінде жақсылық жасаудың орны ерекше. Біреуге көмек беру, жылы сөз айту, қол ұшын созу – бұл қарапайым көрінгенімен, үлкен мәнге ие әрекеттер.

Жақсылық жасаған сайын адам өз жанын тазартып, рухани тұрғыдан байи түседі. Өйткені жақсылық – қайтарым күтпейтін, шынайы ниетпен туындайтын әрекет.

Қоғамда жақсылықтың көбеюі адамдар арасындағы сенімді арттырады. Егер әр адам айналасына жанашырлықпен қарап, көмек көрсетуге дайын болса, қоғамда татулық пен бірлік нығая түседі. Кішкентай ғана жақсылықтың өзі үлкен өзгерістерге бастау болуы мүмкін.

Мысалы, мұқтаж жанға көмектесу, үлкенге құрмет көрсету, табиғатты қорғау – мұның бәрі жақсылықтың бір көрінісі.

Жақсылық жасау тек материалдық көмекпен шектелмейді. Кейде адамға тек қолдау сөзінің өзі жеткілікті. Біреудің көңілін көтеру, қиын сәтте жанынан табылу – бұл да үлкен жақсылық. Осындай істер арқылы адамдар бір-біріне демеу болып, өмірдің қиындығын бірге жеңеді.

Қоғамда мейірімділік пен жанашырлық үстемдік құрса, адамдар арасында сенім артып, бірлік нығая түседі. Әрбір адам өз ортасына қамқорлықпен қарап, жақсылық жасауға ұмтылса, қоғамда әділеттілік пен татулық орнайды. Сондықтан мейірімділік тек жеке адамның қасиеті ғана емес, ол – бүкіл қоғамның дамуына әсер ететін маңызды құндылық.

Мейірімділік материалдық көмектен ғана тұрмайды. Кейде бір ауыз жылы сөздің өзі адамға үлкен демеу болады. Қиын сәтте қолдау көрсету, біреудің мұңын тыңдау, қуанышына ортақтасу – осындай әрекеттер арқылы адамдар бір-біріне рухани күш береді. Жастарды мейірімділікке тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Себебі жас ұрпақ қандай құндылықтарды бойына сіңірсе, болашақ қоғам да сондай болады. Отбасы, мектеп және қоғам бірлесе отырып, ізгілік пен адамгершілікті насихаттауы тиіс.

Жастарды жақсылық жасауға баулу – маңызды міндет. Себебі олар – болашақтың иелері. Егер жас ұрпақ мейірімді, қайырымды болып өссе, елдің ертеңі де жарқын болмақ. Отбасы мен білім беру орындары осы құндылықтарды дәріптеуде үлкен рөл атқарады.

Жақсылық жасау – әр адамның қолынан келетін игі іс. Ол үшін үлкен мүмкіндік немесе байлық қажет емес. Ең бастысы – ниет пен жүректегі мейірім.

Жақсылық жасаған адам ешқашан ұтылмайды, керісінше, рухани байып, өмірдің шынайы мәнін түсінеді. Сондықтан әрқайсымыз айналамызға мейірім шуағын шашып, жақсылық жасауға ұмтылуымыз керек.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ – ЖАННЫҢ АЙНАСЫ

15 наурыз- елімізде Наурызnama онкүндігі аясында Қайырымдылық күні болып белгіленген. Бұл күн- мұқтаж жандарға қол ұшын созып, қоғамда мейірімділік пен ізгілік құндылықтарын дәріптейтін ерекше уақыт.

Осы айтулы күнге орай, М. Байысов атындағы ауылдық кітапхана мен Ешкіөлмес ауылдық кітапханасы бірлесе отырып, «Жақсылық жаса» атты қайырымдылық кездесуін өткізді.

Іс-шараның басты мақсаты- айналаға шуақ шашу, өзара көмек көрсету мәдениетін қалыптастыру және кітапхана оқырмандары мен ауыл тұрғындарын игі істерге жұмылдыру болды. Кездесу барысында қайырымдылықтың адам өміріндегі маңызы туралы айтылып, жылы лебіздер білдірілді.

Ел көлеміндегі жалпыұлттық қолдау шараларымен үндескен бұл басқосу қатысушыларға рухани жігер берді. Кітапханашылар мен белсенділер жақсылық жасау тек материалдық көмек қана емес, сонымен бірге жылы сөз бен шынайы көңіл бөлу екенін де атап өтті.

«Жақсылық жаса» кездесуі қатысушылардың жүрегіне жол тауып, айналаға мейіріммен қарауға үлкен септігін тиізді. Кітапхана ұжымдары алдағы уақытта да мұндай игі шараларды дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отыр.

Р.Досымбекова,
М.Байысов ауылдық кітапханасының кітапханашысы:

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ЗАМАНАУИ БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінгі оқушы тек білім алып қана қоймай, оны өмірде тиімді қолдана алуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда функционалдық сауаттылық – заманауи білім берудің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білу қабілеті. Яғни оқушы тек теорияны меңгеріп қоймай, оны түрлі әлеуметтік жағдайларда қолдана алуы қажет. Мұндай дағдылар оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өмірлік мәселелерді шешуге үйретеді.

Мектепте, әсіресе 8-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Бұл жаста оқушылардың талдау, салыстыру, өз пікірін білдіру қабілеттері қарқынды дамиды. Сондықтан сабақ барысында мәтінмен жұмыс, пікірталас, топтық тапсырмалар, өмірлік жағдаяттарға негізделген жаттығулар ұйымдастыру тиімді нәтиже береді.

Мұғалімнің рөлі де бұл үдерісте ерекше. Мұғалім оқушыға тек білім беруші ғана емес, оның ойлауын дамытатын бағыттаушы болуы тиіс. Сабақта шығармашылық тапсырмалар, коммуникативтік жаттығулар, сыни ойлауды дамытатын әдістер қолданылғанда оқушылардың белсенділігі артып, білімді терең меңгеруіне мүмкіндік туады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мәтінді талдау, диалог құрастыру, эссе жазу, әлеуметтік мәселелер бойынша пікір білдіру сияқты тапсырмалар тиімді. Мұндай жұмыстар оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, өз ойын еркін жеткізуіне көмектеседі.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық – оқушының өмірде табысты болуының маңызды шарты. Сондықтан білім беру үдерісінде оқушылардың білімін өмірмен байланыстырып, олардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді кеңінен қолдану – бүгінгі мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

Азим Бакытгул,
Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Теректі ауылы
«Мичурин атындағы негізгі орта мектебі
мектепке дейінгі шағын-орталығымен» КММ
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

БИОЛОГИЯ: ТАБИҒАТТЫ ТҮСІНУДІҢ КІЛТІ



Биология – тірі ағзалардың құрылысын, тіршілік әрекетін, дамуын және қоршаған ортамен байланысын зерттейтін ғылым. Бұл пән оқушыларға табиғатты терең түсінуге, тіршілік иелерінің ерекшеліктерін тануға және қоршаған ортаны аялауға үйретеді. Сондықтан биология сабағы – тек теориялық білім беретін пән ғана емес, сонымен қатар өмірмен тікелей байланысты маңызды ғылым саласы.

Биология сабағында оқушылар өсімдіктер мен жануарлардың құрылысы, адам ағзасының қызметі, табиғаттағы түрлі құбылыстар туралы білім алады. Әсіресе тәжірибелер мен зерттеу жұмыстары арқылы оқушылардың қызығушылығы артып, олар табиғат құпияларын өз көздерімен көріп, түсінуге мүмкіндік алады. Мұндай сабақтар оқушылардың бақылау, талдау, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады.

Бүгінгі таңда биология ғылымының маңызы одан сайын арта түсуде. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, адам денсаулығын сақтау сияқты мәселелер биология ғылымымен тығыз байланысты. Сондықтан биология пәнін оқу арқылы оқушылар табиғатқа жауапкершілікпен қарауды, экологиялық мәдениетті қалыптастыруды үйренеді.

Сонымен қатар биология сабағы оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін дамытады. Оқушылар әртүрлі тапсырмалар мен зерттеу жұмыстары арқылы өз бетімен ізденуге, сұрақ қойып, оған жауап табуға дағдыланады. Бұл олардың болашақта саналы, білімді тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, биология – табиғатты түсінудің кілті. Ол бізге тіршілік әлемінің заңдылықтарын танытып қана қоймай, табиғатты қорғаудың маңызын ұғындырады. Сондықтан әрбір оқушы биология пәнін қызығушылықпен оқып, табиғатты тануға және оны қорғауға өз үлесін қосуы қажет.

Құрманбек Роза Қожабекқызы,
Ескелді ауданы, Мичурин атындағы негізгі орта мектебі
Биология пәні мұғалімі

НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ – ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ



Наурыз – адамзат өркениетіндегі ең көне мерекелердің бірі. Ол табиғаттың жаңарып, тіршіліктің жанданатын кезеңімен тұспа-тұс келеді. Қазақ халқы үшін бұл мейрам – тек көктемнің келуі ғана емес, рухани тазару, өткенді саралау, болашаққа жаңа жоспар құру уақыты. Соңғы жылдары елімізде Наурыз мерекесі жаңа мазмұнмен толықтырылып, «Наурызнама» онкүндігі ретінде кеңінен атап өтіліп жүр. Бұл бастама ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтуға бағытталған.

Наурызнама онкүндігі 14 наурыздан басталып, 23 наурызға дейін жалғасады. Әр күннің өзіндік атауы мен мазмұны бар. Бұл күндер халықтың дәстүрлі дүниетанымы мен өмір салтын, мәдениеті мен тәрбиелік құндылықтарын қамтиды.

14 наурыз – Көрісу күні (Амал мерекесі).
Бұл күн – адамдардың бір-бірімен қауышып, амандық-саулық сұрасатын ерекше мерекесі. Қыстан аман шыққан ағайын бір-біріне ізгі тілектер айтып, қол алысып, төс қағыстырады. Көрісу күні – бауырмалдық пен сыйластықтың белгісі.

15 наурыз – Қайырымдылық күні.

Бұл күні қоғамда мейірімділік пен жанашырлық құндылықтары дәріптеледі. Мұқтаж жандарға көмек көрсетіліп, қайырымдылық шаралары ұйымдастырылады. Бұл – адамдарды бір-біріне қамқор болуға шақыратын маңызды күн.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні.
Ұлттық мәдени мұраға ерекше көңіл бөлінетін бұл күні салт-дәстүрлер жаңғыртылып, ұлттық ойындар, қолөнер көрмелері, өнер сайыстары өткізіледі. Халық өз тамырын танып, мәдениетінің тереңдігін сезінеді.

17 наурыз – Шаңырақ күні.
Отбасы – қоғамның негізі. Бұл күні отбасылық құндылықтар, ата-анаға құрмет, ұрпақ тәрбиесі кеңінен насихатталады. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты қасиеттер дәріптеледі.

18 наурыз – Ұлттық киім күні.
Қазақтың дәстүрлі киімдері тек сән үшін емес, ұлттық болмыстың айнасы ретінде таныстырылады. Бұл күні халық ұлттық киім киіп, өзінің мәдени ерекшелігін көрсетеді.

19 наурыз – Жаңару күні.
Бұл күн табиғаттың жаңаруымен үндес келеді. Ағаш отырғызу, тазалық жұмыстарын жүргізу арқылы адамдар қоршаған ортаға қамқорлық жасайды. Рухани тұрғыдан да жаңару, жаңа бастамаларға жол ашу – осы күннің негізгі мәні.

20 наурыз – Ұлттық спорт күні.
Қазақтың дәстүрлі спорт түрлері – ұлттың рухын көтеретін маңызды элемент. Бұл күні көкпар, асық ату, қазақша күрес сияқты ұлттық ойындар ұйымдастырылып, жастарды салауатты өмір салтына баулу көзделеді.

21 наурыз – Ынтымақ күні.
Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Бұл күні ел ішіндегі татулық пен бірлік дәріптеледі. Түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатқанын паш етеді.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні.
Бұл – Наурыз мерекесінің ең басты күні. Дастархан жайылып, наурыз көже дайындалып, халық бір-біріне ақ тілектерін айтады. Бұл күні реніштер ұмытылып, жаңа өмір бастауға қадам жасалады.

23 наурыз – Тазару күні.
Онкүндіктің қорытынды күні ретінде бұл күн тазалыққа, тәртіпке және рухани жаңғыруға арналады. Адамдар айналасы тазалап, өткеннен қалған жағымсыз нәрселерден арылуға тырысады.

Наурызнама онкүндігі – бұл тек мерекелік іс-шаралар жиынтығы емес. Ол – халықтың тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды қазіргі қоғаммен байланыстыратын маңызды мәдени жоба. Әр күннің мазмұны тәрбиелік мәнге ие, әсіресе жас ұрпақ үшін үлкен үлгі.

Бүгінде Наурызнама онкүндігі арқылы адамдар табиғатпен үндес өмір сүруді, бір-біріне құрметпен қарауды, ұлттық дәстүрлерді сақтауды үйренеді. Бұл – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір.

Наурызнама онкүндігі – ұлттық рухты көтеретін, қоғамды біріктіретін, ізгілік пен жаңғыруды насихаттайтын маңызды кезең. Осындай ізгі бастамалар арқылы халқымыздың бай мұрасы сақталып, келешек ұрпаққа аманат етіледі.

ВОЛЕЙБОЛДАН ӘКІМ КУБОГЫ ӨТТІ

2026 жылдың 16 наурыз күні Қайнарлы ауылында волейболдан ауыл тұрғындары арасында Әкім кубогы ұйымдастырылды. Аталған жарысқа ауыл жастары мен түрлі ұжымдар белсене қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Қайнарлы жастары иеленсе, II орын Қайнарлы-2 командасына бұйырды. Ал III орынды Ұстаздар командасы қанағат тұтты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы кубок, медаль, грамоталармен, сондай-ақ Қайнарлы ауылдық округі әкімдігінің бағалы сыйлықтарымен марапатталды.



Г.ОМАРОВА,

«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА КЕДЕРГІЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінде Тауар нарықтарына кіру кедергілерін анықтау және жою жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті.

Отырыс барысында мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру саласындағы проблемалық мәселелер қаралды. Атап айтқанда, білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді немесе тауарларды жеткізушілерді таңдау кезіндегі үлгілік конкурстық құжаттамада көзделген жеткізушілердің жұмыс тәжірибесі бойынша бағалау критерийі талқыланды. Кеңес қатысушылары бұл критерий конкурстық рәсімдерге қатысу үшін белгілі бір кедергілер тудыруы мүмкін екенін атап өтті. Ұзақ кезең ішіндегі жұмыс тәжірибесін есепке алу әлеуетті қатысушылар тобын тарылтады, жаңа компаниялар мен шағын және орта бизнес субъектілерінің нарыққа шығуын шектейді, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған жеткізушілердің позициясын нығайтуы мүмкін. Осыған байланысты, Кеңес мүшелері білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру қызметтері нарығында бәсекелестікті күшейту мақсатында жұмыс тәжірибесін есепке алу мерзімін қысқарту туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне жолдау және бұл мәселені Кедергілер жөніндегі республикалық кеңестің картасына енгізу туралы шешім қабылдады.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ



22 наурыз – қазақ халқының сан ғасырлық тарихымен сабақтасып, ерекше орын алған мереке. Бұл күн табиғаттың жаңарып, тіршіліктің қайта оянатын кезеңімен тұспа-тұс келеді. Сондықтан Наурыз тек көктемнің келуі емес, адамның рухани жаңғыруының, бірлік пен татулықтың, ізгілік пен мейірімнің мерекесі болып саналады. Қазақ халқы ежелден бұл күнді «Ұлыстың ұлы күні» деп атап, оны жаңа жыл – жыл бастау күні ретінде қабылдаған.

Табиғаттың жаңаруы мен тазалық дәстүрі Наурыздың басты мәні – жаңару, тазару және жаңа өмірге қадам жасау. Халық бұл күнге дайындықты ерте бастайды. Үйлер тазаланып, аула-қора ретке келтіріледі, ескі заттар жинақталып, артық қоқыс тасталады. Бұл – тек сыртқы тазалық емес, ішкі жан тазалығын да білдіреді. Өкпе-реніштер ұмытылып, адамдар бір-бірін кешіріп, жаңа жылды таза көңілмен қарсы алады.

Сонымен қатар, табиғатқа қамқорлық жасау дәстүрі Наурыз мерекесінің маңызды бөлігі. Ағаш отырғызу, гүл егу, қоршаған ортаны тазалау сияқты шаралар халық арасында кеңінен тараған. Бұл адамдарды табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйретеді, келесі ұрпаққа үлгі болып қызмет етеді.

Наурыз көже – береке мен молшылық символы Наурыздың ең басты дәстүрлерінің бірі – наурыз көже дайындау. Наурыз көже жеті түрлі дәмнен тұрады: бидай, арпа, күріш, бұршақ, ет, сүт өнімдері және кейде тұздық пен түрлі дәмдер қосылады. Жеті саны қазақ мәдениетінде қасиетті сан болып саналады, сондықтан бұл тағам молшылық пен берекенің белгісі болып есептеледі.

Әр ингредиенттің өз мәні бар: дән – молшылық пен ырысты, ет – күш-қуатты, сүт – тазалық пен бірлікті білдіреді. Наурыз көжеден дәм татқан адамға жыл бойы тоқшылық, тыныштық және бақыт тілейді. Мереке кезінде әр шаңырақта дастархан жайылып, қонақтар шақырылады. Бұл дәстүр – адамдар арасындағы сыйластық пен татулықты нығайтады, әр отбасы мен қонақ арасында жылылық орнатады.

Ұлттық ойындар мен спорт Наурыз мерекесінде ұлттық ойындар ерекше орын алады. Асық ату, қазақша күрес, көкпар, алтыбақан сияқты ойындар жастар мен қарттарды біріктіріп, қоғамда бірлікті нығайтады. Ұлттық ойындар тек көңіл көтеру емес, сонымен қатар жас ұрпақты физикалық тұрғыдан шынықтырып, қазақ мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Наурыз мерекесі тәрбиелік мәнге де ие. Бұл күні үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрлері ерекше орын алады. Жастар үлкендердің батасын алып, ақ тілектерін тыңдайды. Бата – қазақ халқының рухани өміріндегі маңызды элементтердің бірі. Ол ізгі ниеттің, ақ пейілдің көрінісі.

Сонымен қатар, мерекелік шаралар кезінде ұлттық өнерге ерекше көңіл бөлінеді. Ақындар айтысы, күй тарту, халық өндерін орындау, театрлық көріністер – бұл халықтың рухани мәдениетінің байлығын көрсететін элементтер. Әсіресе жас ұрпақ бұл дәстүрлер арқылы өз тарихымен танысып, ұлттық мұраға құрметпен қарайды.

Салт-дәстүр және рухани құндылық Наурыз мерекесі тәрбиелік мәнге де ие. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрлері ерекше орын алады. Жастар үлкендердің батасын алып, ақ тілектерін тыңдайды. Бата – қазақ халқының рухани өміріндегі маңызды элементтердің бірі. Ол ізгі ниеттің, ақ пейілдің көрінісі.

Сондай-ақ, Наурыз күндері адамдар бір-бірімен амандасып, өкпе-реніштерін ұмытып, жаңа бастамаларға жол ашады. Бұл – татулық пен бірліктің мерекесі ретінде ерекше бағаланады. Халық осы күні адамдар арасындағы сыйластықты, мейірімділікті дәріптейді.

Ұлттық киім мен мәдениет Наурыз мерекесі кезінде ұлттық киім киіп шығу дәстүрі де сақталады. Қазақтың киіз үйлерінде немесе ашық алаңдарда өткізілетін шараларға халық ұлттық киімдерін киіп, өз мәдени ерекшелігін көрсетеді. Бұл – ұлттық бірегейлікті дәріптеудің бір жолы. Сонымен қатар, ұлттық қолөнер көрмелері ұйымдастырылып, қазақ мәдениетінің байлығы көрсетіледі.

Сонымен қатар, мерекелік шаралар кезінде ұлттық өнерге ерекше көңіл бөлінеді. Ақындар айтысы, күй тарту, халық өндерін орындау, театрлық көріністер – бұл халықтың рухани мәдениетінің байлығын көрсететін элементтер. Мысалы, кейбір аймақтарда ауылдың орталық алаңында күй шерулері ұйымдастырылып, қатысушылар халық өндерін орындайды, ұлттық билерді көрсетеді. Осындай шаралар жастардың мәдениетке деген қызығушылығын арттырады және дәстүрлерді сақтауға үйретеді.

Қоғамдағы мәні Наурыз мерекесі тек жеке адамның ғана емес, қоғамның да мерекесі. Қазақстан – көпұлтты мемлекет, сондықтан бұл күнде барлық ұлт өкілдері бір шаңырақ астында бірігіп, бір-біріне сыйластық пен құрмет көрсетеді. Мереке барысында әр ұлт өз дәстүрін таныстырып, тағамдарын, киімдерін, өнерін паш етеді. Бұл – еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің айқын көрінісі.

22 наурыз – халқымыздың рухани өміріндегі ең маңызды мерекелердің бірі. Бұл күн – өткен мен бүгінді жалғап, болашаққа жол ашатын ұлы күн. Наурыз көже арқылы береке мен татулықтың символы айқын көрініп, әр шаңыраққа жылулық пен қуаныш сыйлайды. Ұлыстың ұлы күні әрбір жанға үміт, бақыт пен молшылық әкелсін!

Мереке – адам мен табиғаттың үйлесімін, мәдениет пен руханияттың байланысын көрсететін, ұрпаққа ұлағат беретін асыл құндылық болып қала береді.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРДЫ

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қылмыстық қауіп-қатерлердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығы азаматтарды жалған инвестициялық платформаларда, deerfake технологияларын, сондай-ақ бұрын жоғалған инвестицияларды қайтару бойынша жалған қызметтерді пайдалана отырып, азаматтарды қаржылық алаяқтыққа тарту бойынша интернет-алаяқтардың күшейе түсуі туралы ескертеді.

Егер бұрын шабуылдаушылар «Қазатөменеркәсіптің» фишингтік сайттарын пайдаланса, бүгінгі таңда киберқылмысшылар екінші деңгейлі банктердің, ірі құрылыс фирмаларының жалған инвестициялық платформаларын жасап, deerfake технологиясының көмегімен танымал тұлғалардың суретін, бейнесін немесе дауысын пайдаланып, азаматтардың ақшасын иелену үшін алаяқтық платформаларды ілгерілетуде.

Сонымен бірге, әлеуметтік желілерде адал емес брокерлерден зардап шеккендерге ақша қаражатын қайтару бойынша қызметтер белсенді түрде жарнамалануда.

Алайда, бұл инвестиция салу нәтижесінде қаражатынан айырылған азаматтарға бағытталған қайталама алаяқтық схема.

Сақ болыңыз!

Ақша қаражатын сақтау үшін мыналар ұсынылады:

-күмәнді сілтемелер бойынша өтпеу;

-дербес және банктік деректерді үшінші тұлғаларға бермеу;

-әлеуметтік желілер, мессенджерлер және жарнамалар арқылы таратылатын инвестициялық ұсыныстар туралы ақпаратты, әсіресе жоғары әрі кепілдендірілген табыс уәде етілген жағдайларда, мұқият тексеру;

-алаяқтық белгілері анықталған жағдайда құқық қорғау органдарына дереу хабарласу және банкті хабардар ету ұсынылады.

Алаяқтар сеніммен ойнайды. Өзіңізді алдауға жол бермеңіз.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

СУ ҚҰБЫРЫ ЖЕЛІЛЕРІН ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Су құбыры желілерін тазалау және дезинфекциялау — халықты қауіпсіз әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің кепілі. Бұл процесс су арқылы таралатын жұқпалы аурулардың (холера, дизентерия, іш сүзегі және т.б.) алдын алу үшін жүргізіледі.

Су құбыры желілерін тазалау және дезинфекциялау (хлорлау) кезінде қауіпсіздік техникасын қатаң сақтау — қызметкерлердің денсаулығы мен халық қауіпсіздігі үшін маңызды. Жұмыс жеке қорғаныс құралдарымен (арнайы киім, респиратор, қолғап), желдетуді қамтамасыз ете отырып және хлор құралдарын қолдану ережелеріне сай жүргізілуі тиіс. Жұмыс аймағында бейберекет адамдар болмауы керек.

Су құбырларын дезинфекциялау келесі жағдайларда міндетті түрде орындалады:

-Жаңа желілер: Жаңадан салынған құбырларды іске қосар алдында.

-Жеңдеу жұмыстары: Құбырлардағы апаттарды жойып, қайта қосу кезінде.

-Профилактика: Көктемгі және күзгі кезеңдерде су сапасын сақтау үшін жылына кемінде екі рет.

-Төтенше жағдайлар: Су тасқынынан кейін санитарлық жағдайды қалпына келтіру мақсатында.

Жұмыс кезеңдері.

Процесс бірнеше жүйелі қадамдардан тұрады:

Жуу (Тазалау): Құбыр ішіндегі тұнбаларды, тотты және механикалық қоспаларды жоғары қысымды сумен немесе арнайы құрылғылармен (пиггинг) тазарту.

Дезинфекциялау (Хлорлау): Құбырларға белсенді хлор ерітіндісі жіберіледі. Ерітіндінің концентрациясы мен экспозиция (күту) уақыты (әдетте 5-24 сағат) бекітілген нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

Қайта шаю: Хлордың қалдық мөлшері нормаға (0,3-0,5 мг/л) жеткенше құбырларды таза сумен мұқият шаю.

Зертханалық бақылау: Судан сынама алынып, бактериологиялық және физикалық-химиялық талдау жүргізіледі.

Тек зертхананың оң қорытындысынан кейін ғана суды тұтынушыларға беруге рұқсат етіледі.

Су құбыры желілерін тазалау және дезинфекциялау кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

Жеке қорғаныс құралдары: Хлорлы ерітінділермен жұмыс істегенде қызметкерлер міндетті түрде резеңке қолғап, қорғаныш көзілдірігі, арнайы алжапқыш және респиратор киюі керек.

Қауіпсіздік шаралары

Жұмыс кезінде мамандар жеке қорғаныс құралдарын (газқағар, арнайы киім) пайдалануы керек. Тұтынушыларға дезинфекция уақыты мен суды ішуге болмайтындығы туралы алдын ала хабарлау — міндетті талап.

ВЫПЛАТЫ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ПО ГРАФИКУ: КОГДА И КУДА НЕОБХОДИМО ОБРАЩАТЬСЯ?

Ежемесячные пенсионные выплаты по установленному графику из ЕНПФ в соответствии с Социальным кодексом Республики Казахстан осуществляются лицам, достигшим пенсионного возраста (мужчины – 63 года, женщины – 61 год), а также лицам с инвалидностью 1 или 2 группы, установленной бессрочно, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ, в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан.

Для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ за счет обязательных видов пенсионных взносов в связи с достижением пенсионного возраста, а также назначения базовой и солидарной пенсии из государственного бюджета получателям необходимо своевременно обращаться в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» (ЦОН) по месту жительства. Сделать это можно за 10 дней до наступления пенсионного возраста. Все виды пенсионных выплат производятся со дня обращения. При этом днём обращения считается день регистрации заявления и необходимых документов в ЦОН при условии, если получатель достиг пенсионного возраста, если он обратился раньше - днем обращения считается день достижения пенсионного возраста. Необходимо помнить о том, что за пропущенный период выплаты пенсии из госбюджета, а также из ЕНПФ не назначаются.

Также можно своевременно обратиться для оформления выплат пенсии из бюджета, потому что для их назначения требуется проверка трудового стажа по представленным получателем документам.

Стоит отметить, что в целях оказания проактивной услуги по осуществлению пенсионных выплат из ЕНПФ лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ и не обратившимся за их выплатой, ЕНПФ проводит ежегодную сверку совместно с Государственной корпорацией на предмет наличия у данных граждан назначенных пенсионных выплат по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты за счет бюджетных средств. По результатам ежегодной сверки при выявлении лиц, у которых имеются назначенные пенсионные выплаты за счет бюджетных средств, ЕНПФ оказывает им проактивную услугу (беззаявительно) по осуществлению им пенсионных выплат в рамках соответствующего соглашения, заключенного с Государственной корпорацией, на банковские реквизиты, представленные получателями в ЦОН при назначении пенсионных выплат по возрасту.

За выплатой пенсионных накоплений в связи с установлением инвалидности первой или второй группы бессрочно необходимо обращаться в подразделение ЕНПФ либо через личный кабинет на сайте (enpf.kz) или в мобильном приложении ЕНПФ с использованием электронной цифровой подписи.

Обращаем внимание, что в ЕНПФ для лиц с инвалидностью первой или второй группы, установленной бессрочно, организовано выездное обслуживание. При этом осуществляется предварительная консультация, в том числе проверка на возможность получения услуг дистанционно, без выезда.

Пенсионные выплаты за счет ДПВ можно начать получать до наступления общеустановленного пенсионного возраста – начиная с 50 лет. Кроме того, пенсионные выплаты за счет ДПВ предоставляются лицам с инвалидностью, независимо от группы и срока установленной инвалидности.

Заявление на получение выплат за счет ДПВ по возрасту или в связи с инвалидностью можно подать в онлайн-формате в личном кабинете на сайте enpf.kz. При этом график получения выплат устанавливается вкладчиком самостоятельно.

Следует отметить, что пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

На сайте enpf.kz в разделе «Услуги – Пенсионные выплаты – Выплаты по графику» размещен перечень необходимых документов в зависимости от вида пенсионных выплат, способа их подачи, требования к их оформлению, бланки заявлений и образцы их заполнения, образец доверенности.

Также в целях безопасности и предотвращения мошенничества в отношении вкладчиков АО «ЕНПФ» напоминает:

-Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;

-ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;

-Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;

-Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.

ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле.

Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности.

Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров (чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 771 171 72 01), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ

1.Как проверить, что ребенок стал участником программы «Национальный фонд – детям»?

Для проверки необходимо зайти на сайт kids.enpf.kz и в разделе «Поиск участника» ввести ИИН ребенка. Затем нажать кнопку «Проверить». Далее Вы получите информацию с указанием года, начиная с которого Ваш ребенок стал участником программы, а также узнаете общую сумму его накопленных целевых требований.

2.Чем отличаются целевые требования от целевых накоплений?

Целевые требования – это обязательства Правительства перед детьми - гражданами Казахстана, не достигшими 18 лет. Целевые требования формируются ежегодно за счет 50% инвестиционного дохода Нацфонда. Целевые требования начисляются и учитываются на счетах в ЕНПФ, но сами активы продолжают инвестироваться в составе активов Нацфонда и на них ежегод но дополнительно начисляется инвестиционный доход.

Целевые накопления – это ранее накопленные суммы целевых требований, которые в виде денег зачислены на целевые накопительные счета получателей-граждан Казахстана в год достижения ими 18-летия.

Таким образом, по достижении 18 лет целевые требования становятся целевыми накоплениями. Начисляются и хранятся они у каждого участника программы на его целевом накопительном счете в ЕНПФ в долларах США.

3.После перечисления целевых накоплений из Нацфонда в ЕНПФ будет ли на них начисляться инвестиционный доход?

Целевые накопления, зачисленные на целевые накопительные счета в ЕНПФ, не инвестируются в финансовые инструменты. Они хранятся в долларах США и доступны для использования получателями целевых накоплений или их наследниками.

4.Могут ли дети из одной семьи передавать друг другу свои целевые накопления на примере уступки единовременных пенсионных выплат на жильё и лечение?

Уступка выплат целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий или оплаты образования в пользу близких родственников не предусмотрена действующим законодательством.

5.На моего ребенка уже открыт счет в ЕНПФ и перечислены его целевые накопления. Кто может ими воспользоваться?

После достижения 18 лет Ваш ребенок получит право самостоятельно использовать накопления на две цели – на улучшение жилищных условий или оплаты образования. Для этого ему необходимо подать заявление Уполномоченным операторам.

На сегодняшний день Уполномоченными операторами являются:

АО «Отбасы банк» (по жилью и образованию),

АО «Народный банк» (по образованию),

АО «Банк ЦентрКредит» (по образованию).

6.Предоставлена ли возможность проверить накопления родителям?

Родители или законные представители несовершеннолетнего могут просматривать начисления на своего ребенка на сайте kids.enpf.kz, в мобильном приложении eGov mobile и в приложениях некоторых банков. Когда ребенку исполнится 18 лет, в ЕНПФ ему будет открыт целевой накопительный счет, доступ к которому будет только у него самого, как у получателя целевых накоплений.

7.Ребенку открыли счет в ЕНПФ и перечислили его целевые накопления. Однако за месяц до достижения им 18 лет он сменил гражданство. Что будет с его целевыми накоплениями?

При прекращении гражданства Республики Казахстан до или после достижения 18 лет участник целевых требований или получатель целевых накоплений утрачивает право на получение выплаты своих целевых накоплений. При этом его целевые требования и целевые накопления будут распределены между другими участниками в установленном порядке, а его целевой накопительный счет закрывается.

8.В случае смерти участника целевых требований, получателя целевых накоплений какие документы и куда их нужно предоставить наследнику для получения унаследованных целевых накоплений?

В случае смерти участника программы «Национальный фонд – детям» его целевые требования или целевые накопления наследуются согласно гражданскому законодательству. Для их получения наследникам необходимо обратиться в ЕНПФ. Средства доступны только после зачисления целевых накоплений умерших лиц на целевой накопительный счет. Для получения выплат наследники открывают банковский счет в долларах США в банке-уполномоченном операторе.

Наследники могут использовать средства на любые цели, то есть отменяется обязательное требование по их целевому использованию.

Актуальный перечень необходимых документов для оформления выплат в связи со смертью лица, имеющего целевые накопления, размещен на сайте ЕНПФ.

9.Можно ли использовать целевые накопления не полностью, а по частям?

Целевыми накоплениями на целевом накопительном счете можно воспользоваться неограниченное количество раз в пределах имеющихся целевых накоплений согласно целевому назначению, при условии достижения получателем 18-летнего возраста и наличия гражданства Казахстана.

10.Что делать, если выходит информация, что ребенок не является гражданином РК?

Если ребенок с указанным ИИН, согласно сведениям из Государственной базы данных «Физические лица», не является гражданином РК, следовательно, он не является участником программы «Нацфонд – детям» и не может иметь целевых требований.

Для актуализации сведений в Государственной базе данных «Физические лица» рекомендуем обратиться в миграционную службу по месту проживания.

После внесения соответствующих корректировок ЕНПФ включит ребенка в список детей - участников целевых требований или получателей целевых накоплений с учетом пропущенного периода.

11.В какой валюте будет производиться накопление и последующее перечисление целевых накоплений получателю целевых накоплений?

Согласно законодательству РК, учет целевых требований и целевых накоплений ведется в ЕНПФ в долларах США. При выплате целевые накопления переводятся и зачисляются на банковские счета получателей целевых накоплений, открываемые ими в банках - уполномоченных операторов в долларах США.

12.В каких банках можно открывать банковский счет для получения выплат из Нацфонда? Есть ли какие-то критерии, требования к банкам при участии в проекте Нацфонд-детям?

Законодательство не устанавливает никаких ограничений по банкам второго уровня, а значит принять участие в программе может любой банк второго уровня Казахстана, заключивший с ЕНПФ соответствующее соглашение. На сегодняшний день банками - уполномоченными операторами являются:

«Отбасы банк» - по жилью и образованию,

«Народный банк» - по образованию,

«Банк «ЦентрКредит» - по образованию.

13.Переехали на историческую родину в Казахстан, имеем статус «кандас», может ли наш ребенок участвовать в проекте «Нацфонд-детям»?

Участником целевых требований является гражданин Республики Казахстан, не достигший 18 лет. После получения гражданства РК, Ваш ребенок сможет принять участие в проекте «Нацфонд-детям».

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫНЫҢ СЕΝІМГЕРЛІК БАСҚАРУЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРУЫНА ҚАЛАЙ ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ?

Зейнетақы жинақтарын басқару жөніндегі мүмкіндіктерді кеңейту аясында Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес, азаматтардың өз жинақтарының бір бөлігін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруынан инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беруге, қаражатты бір ИПБ-дан екіншісіне аударуға, сондай-ақ ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы қаражатын қайтадан ҚРҰБ басқаруына қайтаруға құқығы бар.

Осылайша, қолданыстағы заңнама шеңберінде салымшылар бұрын қабылданған инвестициялық шешімдерін жеке қаржылық мақсаттары мен артықшылықтарын ескере отырып, қайта қарауға құқылы.

ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы қаражатын ҚРҰБ-тың сенімгерлік басқаруына қайтару тәртібі туралы сауалдардың көп тусуіне орай, БЖЗҚ осындай шешім қабылдаған жағдайдағы іс-қимыл шарттары мен реттілігін түсіндіреді.

ҚР Әлеуметтік кодексінің 5-тарауы 40-бабы 1-тармағы 10-тармақшасына сәйкес, міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) салымшылар, пайдасына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) аударылған жеке тұлғалар, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алушылар Қорға ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініштерін зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға берген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін ғана беруге құқылы.

Егер зейнетақы жинақтары бір ИПБ-ға бірнеше рет сенімгерлік басқаруға аударылған болса, зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ-қа қайтару оларды сенімгерлік басқаруға алғаш рет аударған күннен бастап кемінде бір жыл өткен соң ғана жүзеге асырылады.

Зейнетақы активтерін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына беру тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) бекіткен Қағидаларда айқындалған.

ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ басқаруына беру тәртібі: Егер салымшы зейнетақы жинақтарын ИПБ-дан ҚРҰБ-ға қайтару туралы шешім қабылдаса, онда ол «БЖЗҚ» АҚ-ның (БЖЗҚ, Қор) ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған өтінішін өзі келіп немесе Қордың интернет-ресурсы арқылы береді. Салымшы зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан ҚРҰБ басқаруына қайтаруға өтініш берген жағдайда Қор қаражатты осы өтінішті алған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде аударды.

Кейбір жағдайларда зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан ҚРҰБ басқаруына қайтару автоматты түрде жүргізіледі (зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан ҚРҰБ басқаруына қайтаруға өтініш берудің міндетті шарты болмаса):

- 10 жұмыс күні ішінде – зейнет жасына толғанға дейін;
- БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдерін (жерлеуге, мұрагерлерге) тағайындау туралы өтініш не заңды күшіне енген сот шешімі келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде, сондай-ақ ҚР Әлеуметтік кодексінде көзделген өзге де жағдайларда, мысалы: мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардан төлемге өтініш келіп түскен кезде; Қазақстаннан тысқары жерлерге тұрғылықты тұратын жеріне көткен адамдардан белгіленген құжаттар топтамасы және өтініш түскен кезде, т. б.

-егер салымшы зейнетақы жинақтарын басқа ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру құқығын пайдаланбаса, ИПБ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бұзылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде.

Қор ИПБ-ны салымшының қайтыс болуына, заңды күшіне енген сот шешіміне және заңнамада көзделген өзге де негіздерге байланысты жағдайларды қоспағанда, зейнетақы активтерін беру күніне дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей активтердің сенімгерлік басқаруға берілетіні туралы хабардар етеді.

БЖЗҚ зейнетақы жинақтарын қайтару туралы тиісті өтінішті алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде зейнетақы жинағын қайтарудан мынадай жағдайларда бас тартуға құқылы: салымшының жеке басын қуаландыратын құжат өтініш берілген күні жарамсыз болып қалса; өтініш зейнетақы активтерін ҚРҰБ-тың сенімгерлік басқаруынан ИПБ-ның басқаруына бастапқы берілген уақыттан кейін бір жылдан ерте берілді (зейнеткерлік жасқа толуына, салымшының қайтыс болуына, заңды күшіне енген сот шешіміне, ИПБ-мен сенімгерлік басқару туралы шарттың бұзылуына және заңнамада көзделген өзге де негіздерге байланысты жағдайларды қоспағанда).

Зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруынан ҚРҰБ басқаруына қайтару өтініште көрсетілген сома шегінде жүзеге асырылады. БЖЗҚ-дан салымшының зейнетақы жинақтарын қайтару туралы төлем тапсырмасын алғаннан кейін ИПБ-ның кастодиан-банктері бір операциялық күн ішінде салымшының зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ-тағы БЖЗҚ шотына аударды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ 12 АЙДА ЕСЕПТЕЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ 2,28 ТРЛН ТЕНГЕНІ ҚҰРАДЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметінің қорытындысы, сондай-ақ валюта бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарында 2025 жылғы ақпан айынан бастап 2026 жылдың қаңтарына қоса алғандағы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс көлемі шамамен 2,28 трлн теңге болды. Осы кезеңдегі кірістілік – 9,74% көрсетті.

Зейнетақы активтерінің жекелеген қысқа мерзімді кезеңдердегі кірістілігі оларды ұзақ мерзімді басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды.

Кірістілік деңгейі қаржы құралдарының, валюта бағамдарының және кезеңнен кезеңге дейінгі өзге де көрсеткіштердің нарықтық құнының құбылмалылығына байланысты екенін атап өту маңызды. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды ұзақ мерзімді кезеңге жасаған жөн. Орта және ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы жинақтарының оң нақты (жазақталған инфляциядан асатын) кірістілігі қамтамасыз етіледі. Мәселен, 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап жинақталған инвестициялық кірістілік 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша өспелі жиынтықпен 1 173,15% болды, ал бүкіл кезең ішіндегі инфляция 952,32%.

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2014 жылдан бері (зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілгеннен кейін) жинақталған таза инвестициялық кіріс 13,99 трлн теңгені құрады.

Оның салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі үлесі жасалған төлемдер есебімен 41,5%-ға тең, бұл инвестициялық қызметтің зейнетақы жинақтарын қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетсе керек.

Сондай-ақ, салымшылардың өз зейнетақы активтерінің бір бөлігін (міндетті зейнетақы жарналары есебінде зейнетақы жинақтарының 50%-на дейін және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін) реттеушінің талаптарына сәйкес келетін жеке инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) басқаруына аударуға құқығы бар.

ҚР Ұлттық банкінің зейнетақы активтерін ұзақ мерзімді кезеңде сақтауға және олардың оң кірістілігін қамтамасыз етуге бағытталған неғұрлым консервативті басқару тәсілімен салыстырсақ, ИПБ-лардың инвестициялық декларациялары мен реттеушінің талаптары зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру мақсатындағы (бұл ретте ИПБ-дағы тәуекелдер де жоғары) неғұрлым кең инвестициялық мүмкіндіктерді көздейді.

Қазақстанда ҚРҰБ басқаруындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының инфляция деңгейін ескере отырып, сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың барлық жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Статистика және аналитика/Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде жарияланады.

ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТҰРҒЫН ҮЙ МЕН БІЛІМ АЛУҒА 35,20 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫН ПАЙДАЛАДЫ

2024 жылғы 1 ақпан мен 2026 жылғы 1 ақпан аралығында жалпы сомасы 35,20 млн АҚШ долларын (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды) құрайтын 223 785 өтініш орындалды.

- Олардың ішінде:
 - тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 22,09 млн АҚШ долларынан астам сомаға 139 759 өтініш орындалды;
 - білім беру ақысын төлеу үшін 13,11 млн АҚШ доллары сомасына 84 026 өтініш.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық сома ны немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Пайдаланылмаған қаражат қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Қаражатты тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымды толықтыру (21,61 млн АҚШ доллары сомасына 136 490 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна енгізу – 164,71 мың АҚШ доллары сомасына 1 108 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша тұрғын үйді жеке меншікке сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 119,36 мың АҚШ доллары сомасына 819 өтініш. Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (шамамен 12,15 млн АҚШ доллары сомасына 76 643 өтініш орындалды), білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру (645,10 мыңнан астам АҚШ доллары сомасына 5 134 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (252,49 мың АҚШ доллары сомасына 1 827 өтініш орындалды). Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісінде білім алуға ақы төлеу мақсатында НЖ төлемдері туралы толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық әр балаға 130,71 АҚШ доллары, 2024 жылы 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде кезекті есептеу жүргізілді.

18 жасқа толмаған балаларға жыл сайын Ұлттық қордан алынған сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялауды жалғастырады. Одан әрі инвестициялаудың арқасында жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы келесідей (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық табысты қоса алғанда):

- үшінші жыл қатысып отырған балада 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл қатысып отырған балада 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысқан балада 130 доллар 71 цент.

Көмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы дербес алуы тиіс, содан кейін АҚШ долларында банктік шот ашу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу үшін НЖ төлеуге онлайн-өтініш беру үшін уәкілетті операторға жүгінуі тиіс.

- Бүгінде уәкілетті оператор ретінде келесі банктер тіркелген:
 - "Отбасы банкi" АҚ (тұрғын үй және білім беру бойынша),
 - "Халық банкi" АҚ (білім беру бойынша),
 - "Банк ЦентрКредит" АҚ (білім беру бойынша).

Нысаналы талаптарға қатысушы көмелетке толмаған балалар және көмелетке толған нысаналы жинақтарды алушылар бойынша, сондай-ақ тұрғын үйге және (немесе) білімге арналған нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Бағдарламаның шарттарын зерделеуге, нұсқаулар, қызықтыратын сұрақтарға жауаптарды kids.enpf.kz сайтынан алуға болады. Сондай-ақ, БЖЗҚЕНPF YouTube-арнасында тақырып бойынша келесі бейне түсініктемелермен және нұсқаулықтармен танысуға болады:

- "БЖЗҚ" АҚ Төрағасы Ж.Б. Құрмановтың бейнетүсініктемесі: <https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=30CdPWl6dv0>
- "БЖЗҚ" АҚ басқарушы директоры А.Т. Шәріповтың бейнетүсініктемесі: <https://www.youtube.com/watch?v=MPg2vATmMk0>
- «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша сұрақтарға жауаптар: <https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAvUk>
- <https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk>
- «Ұлттық қор – балаларға» сайты бойынша нұсқаулық: <https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAHc>
- <https://www.youtube.com/watch?v=jyC2c-HgqQ>

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша нұсқаулық: <https://www.youtube.com/watch?v=bqeT41rWecA>

<https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU>

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша көмелетке толған қазақстандықтардың жинақтарды қалай тексеруге болатыны туралы нұсқаулық: https://youtu.be/IP1JQ0CuCrS?si=rZV0_mziiQR1MAGL

https://youtu.be/qkBLyBVUzGY?si=f7jzS50_ylBQvVyU

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемені талап етілмесен сома есебінде қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӘНЕ ТҰРУҒА КЕЛГЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ ЖӘНЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРҒА, АУЫЛДАР, КЕНТТЕР, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІ АППАРАТТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҰСЫНУ

Ескелді ауданының «экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шаралары» мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Басты шарт - мамандар көтерме жәрдемақы және кредит алған кезде ауылдық елді мекенде орналасқан ұйымда тиісті мамандық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндеттеме алады. Мамандардың көтерме жәрдемақы және кредит алуға өтініш беруі және жергілікті атқарушы органның мақұлдауы Банк порталында жүзеге асырылады. Кредит алуға өтініш беру үшін маман <https://otbasybank.kz/> порталына тіркеліп, Жеке кабинетке кіруі тиіс, жеке тұлғаның ЭЦҚ болуы тиіс, мобильді азаматтар базасында тіркелген болуы тиіс.

Қосымша ақпаратты Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі №67 мекен-жайы арқылы немесе 8/72836/30916 телефонына хабарласып білуге болады.

С. ЖАЙНАҚОВА
Аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы

В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ СОСТОЯЛОСЬ ОЧЕРЕДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА ПО БАРЬЕРАМ

В Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу состоялось очередное заседание Совета по выявлению и устранению барьеров входа на товарные рынки.

В ходе заседания были рассмотрены проблемные вопросы в сфере организации питания обучающихся в государственных организациях образования. В частности, обсуждался критерий оценки поставщиков по опыту работы, предусмотренный типовой конкурсной документацией при выборе поставщиков услуг или товаров по организации питания обучающихся.

Участники Совета отметили, что данный критерий может создавать определённые барьеры для участия в конкурсных процедурах. Учет опыта работы за длительный период сужает круг потенциальных участников, ограничивает доступ на рынок для новых компаний и субъектов малого и среднего бизнеса, а также может усиливать позиции действующих поставщиков.

В этой связи членами Совета принято решение направить в Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан предложение о сокращении периода учета опыта работы в целях усиления конкуренции на рынке услуг питания в организации образования с последующим включением данного вопроса в Карту республиканского Совета по барьерам.

УЛЫ ГАЗДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ



Қазіргі таңда өрт қауіпсіздігі мәселесі қоғам үшін аса маңызды болып отыр. Әсіресе тұрғын үйлерде орын алатын өрт оқиғалары адам өміріне үлкен қауіп төндіреді. Өрттің салдары тек материалдық шығынмен шектелмей, адам денсаулығына, тіпті өміріне қауіп әкелуі мүмкін.

Сол себепті әрбір азамат өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға аса жауапкершілікпен қарауы тиіс. Тұрғын үйлерде жиі кездесетін қауіптердің бірі – түтін жолдарының дұрыс жұмыс істемеуі және пештердің ақаулары.

Осындай жағдайлардан иісті газ бөлініп, адамдардың улануына әкеліп соғады. Иісті газ – көзге көрінбейтін, иіссіз, бірақ өте қауіпті зат. Адам көбінесе оның әсерін бірден байқамайды.

Улану барысында алғашында бас ауруы, бас айналу, көздің көруінің нашарлауы, жүрек айну сияқты белгілер байқалады. Уақыт өте келе адам әлсіреп, жүре алмай қалады, тіпті есінен айырылып, қайғылы жағдайға душар болуы мүмкін. Сондықтан өрт немесе түтін пайда болған жағдайда ең алдымен адам өмірін сақтау басты назарда болуы керек. Мұндай кезде үйдегі мүлікті емес, өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігін ойлаған жөн. Бірден таза ауаға шығуға тырысу қажет.

Егер сыртқа шығу мүмкін болмаса, ауасы таза, түтін кірмейтін бөлмеге өтіп, есік-терезені бекітіп, түтін мен газдың кіруіне жол бермеу керек. Иісті газбен уланған адамға алғашқы көмек көрсету өте маңызды. Зардап шеккен адамды дереу таза ауаға шығарып, тынысын тарылтатын киімдерін босату қажет. Оны ыңғайлы қалыпта жатқызып, тыныс алуына жағдай жасау керек. Егер адам ес-түссіз жатса, оны қырынан немесе етбетінен жатқызып дұрыс.

Бұл тыныс жолдарының ашық болуына және тілдің артқа кетпеуіне көмектеседі. Ең бастысы – уақыт оздырмай жедел жәрдем шақыру. Ал жеңіл улану жағдайында жылы шай немесе кофе беріп, нашатыр спиртіні іскетуге болады.

Дегенмен кез келген жағдайда дәрігер көмегіне жүгіну қажет. Өрттің шығу себептеріне тоқталсақ, олардың басым бөлігі адамдардың өз жауапсыздығынан туындайды. Атап айтқанда, мас күйінде темекі шегу, пештерді уақытында тазаламау, электр құралдарын дұрыс пайдаланбау, отпен абайсыз әрекет ету – өрттің негізгі себептері болып табылады. Сонымен қатар, жас балаларды қараусыз қалдыру да үлкен қауіпке әкеледі.

Өрттің алдын алу – әр адамның міндеті. Ол үшін қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау жеткілікті: пеш пен түтін жолдарын уақытында тексеру, электр құралдарын бақылаусыз қалдырмау, сіріңке мен отты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау. Осындай қарапайым шаралар үлкен қауіптің алдын алуға көмектеседі. Қорытындылай келе, өрт қауіпсіздігі – тек арнайы қызметтердің ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі. Әрқайсымыз сақтық шараларын сақтасақ, көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады.

Сондықтан өз өміріміз бен жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтайық!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



- 1) сыбайлас жемқорлыққа мониторингі;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- 3-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа

қарсы ғылыми сараптама жүргізуді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;

6) қаржылық бақылауды;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;

8) мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;

9) кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;

11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;

12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;

13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды..

Құрметпен,

Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы!

СИСТЕМА МЕР ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ ВКЛЮЧАЕТ

1) антикоррупционный мониторинг;

2) анализ коррупционных рисков;

3) формирование антикоррупционной культуры;

3-1) проведение научной антикоррупционной экспертизы проектов нормативных правовых актов в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

4) выявление коррупциогенных норм при производстве юридической экспертизы в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

5) формирование и соблюдение антикоррупционных стандартов;

6) финансовый контроль;

7) антикоррупционные ограничения;

8) предотвращение и разрешение конфликта интересов;

9) меры противодействия коррупции в сфере предпринимательства;

10) выявление, пресечение, раскрытие и расследование коррупционных правонарушений;

11) сообщение о коррупционных правонарушениях;

12) устранение последствий коррупционных правонарушений;

13) формирование и публикацию Национального доклада о противодействии коррупции.

С уважением,

Управление государственных доходов Ескельдинского района!

«ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» ММ-МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

1) «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»

2) «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»

3) «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»

4) «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу»

5) «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»

Электрондық қызметтерді пайдалану үшін, ең алдымен электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі-ЭЦҚ) болуы қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО-ға) жүгініп не-месе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышынан egov.kz порталы не-месе rki.gov.kz сайтынан алып, әрі-қарай флэш-карта, жеке куәлікке немесе сандық бұлтқа жүктеп сақтауға болады.

Сондай-ақ, әкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, онда кез келген уақытта сіз барлық қажетті қызметтерді (анықтамалардың барлық түрлерін) ала аласыз, біз сізге міндетті түрде кеңес

береміз және қандай да бір қызметті алуда көмек көрсетеміз. Сіздердің әрқайсыларыңыз Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл департаментіне телефон арқылы шағымданауға құқығыңыз бар. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде бостандықтары 03 құқықтарын, мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ оларды ұсыну сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу үшін Call-центр 1424.

А.Т.Бигалиев,

«Қоңыр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы (тел: 872836-3-79-55)

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрлік сандық № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы, Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 410 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ